**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 22-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы
Балалардың жасы: 3,4.
Жоспардың құрылу кезеңі 27.01 -31.01.2025 Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Калиакпарова Б.Р.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.01.2025 | Сейсенбі 28.01.2025 | Сәрсенбі 29.01.2025 | Бейсенбі 30.01.2025 | Жұма 31.01.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары,қысқы ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер.**<br>(музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды даламыз,<br>Жарқырайды қаламыз.<br>Қайырлы таң! Достарым,<br>Қайырлы таң! Бақшамыз.<br>**Әңгімелесу**: «Табиғат құбылыстары» ( (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу)<br>**Міндеті:**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздік қоры:** табиғат, жанды, жансыз.<br>**Апталық тақпақ:** (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>От та, суда, ауа да,<br>Жан-жануар барлығы.<br>Орман теңіз тауларда, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғаттың байлығы.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында .<br>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 22. Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту)<br>"Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Жасамас үшін ағаттық,<br>Тыңда ақылды, қабылдап.<br>Алдында ішер тамақтың,<br>Қолыңды жу сабындап<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | Д/ойын: «Жолда»<br>Міндеті: Алуан түрлі көліктер туралы білімдерін бекіту.<br>Назарын және есте сақтау қабілетін арттыру. | Д/ойын:«Ауада, жерде, суда»<br>Міндеті: Көлік түрлерін ажыратуға үйрету. | Д/ойын: «Дұрыс па? Бұрыс па?»<br>Міндеті: Балаларға жүріс тұрыс қағидасының қауіпсіздігін және жол белгілерін бекіту. | Артикуляциялық жаттығу.<br>Шам-шам-шам бағдаршам,<br>Тер-тер-тер –көліктер,<br>Дар-дар -дар-ұзын жолдар,<br>Лер-лер-лер-белгілер. | Д\о: «Қандай белгі екенін тап?»<br>Міндеті:Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту. |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиеті**<br>Ойын:«Мөлдіреген аппақ қыс»<br>3 жас<br>**Міндеті**: дауыссыз ( к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық | **Дене шынықтыру**(дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**<br>Д/ойын:«Екі Аяз» ертегісі.<br>3 жас | **Математика негіздері**<br>Д/ойын:«Сан мен цифрды сәйкестендіру».<br>3 жас<br>**Міндеті:** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша?» сұрағына жауап беру<br>Сөздік қоры: бір, екі, | **Дене шынықтыру**<br>(Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет.<br>дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Математика негіздері**<br>«Зат неге ұқсайды?»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Жанына қою тәсілдері арқылы | **Музыка**<br>«Табиғат біздің досымыз»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппаратты дамыту. Сөздік қоры: қыс,аяз.<br>4 жас<br>**Міндеті:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қоры: қыс,аяз.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Ненің баласы?»ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>Сөздік қоры:ит үлкен, ал күшік кішкентай.т.б<br><br>4 жас<br>**Міндеті:.** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Сөздік қоры: ит үлкен, ал күшік кішкентай.т.б<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Д /ойын: Менің елімнің салт – дәстүрлері.<br>3 жас | **Міндеті**: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры: екі аяз.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектер мен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Сөздік қоры:екі аяз.<br><br>**Математика негіздері**<br>Д.ойын:«Тәулік бөліктері»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. | үш...<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** 5 көлемінде тур және кері санауға жаттықтыру.<br><br>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)<br><br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**<br>«Дұрыс айт»ойыны<br>3 жас<br>**Міндеті:** Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Сөздік қоры: Шалбар, көйлек, жемпір, тон, етік.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен | салыстыру.<br>Сөздік қоры: жуан, жіңішке, ұзын, қысқа.<br>4 жас<br>**Міндеті:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.<br>Сөздік қоры: жуан, жіңішке, ұзын, қысқа.<br><br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**<br>«Қандай жемісті алдың?» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.<br>Сөздік қоры: алма, алмұрт, банан, өрік, шие.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Баланың | байқауға үйрету.<br>Сөздік қоры: табиғат<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>Сөздік қоры: табиғат.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Жануарларды орналастыр» ойыны.<br>3 жас<br>**Міндеті:** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша?» сұрағына жауап беру.<br>Сөздік қоры: бір,екі,үш...<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** Қазақ халқының дәстүрлі киіз үймен таныстыру. Сөздік қоры: киіз үй,шаңырақ<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>Сөздік қоры: киіз үй,шаңырақ | Сөздік қоры:таңертең, күндіз, кеш, түн<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** (таңертең, күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Сөздік қоры: таңертең, күндіз, кеш, түн | (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз)<br>Сөздік қоры: Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, тон, етік.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Сөздік ойын: «Мен көрсетем - сен қайтала»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Өзіне айтылған сөзді түсінуін дамыту. Сөздік қоры: жаңбыр, қар, жел, суық, жылы, аяз, ыстық.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге бір-бірі мен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру Сөздік қоры: жаңбыр, қар, жел, суық, жылы, аяз, ыстық. | сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қоры: шие, алма, алмұрт, өрік. | қарай орналастыру.<br>Сөздік қоры: алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен.<br><br>**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**:<br>Д/ойын: «Не қалай дауыстайды?»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. Сөздік қоры: Ит, мысық, ат, сиыр.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту.<br>Сөздік қоры: Ит, мысық, ат, сиыр. |
| Серуенге дайындық №1 | Серуен №22. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен №1 | **Кешен №22**<br>**Қардың түсуін бақылау.**<br>(Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті)<br>**Міндеті:** Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Еңбек әрекеті:**Өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>**Міндеті:** бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>**Қимылды ойын**:«Ыстық-суық».<br>**Міндеті:**тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету. | **Кешен №22**<br>**Күнді бақылау.**<br>(Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті)<br>**Міндеті:** табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру (күн<br>ауа райы немесе жоқ);<br>қыстың белгілері туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Еңбек әрекеті:**Күрекпен қар күреу, жолдарды тазарту.<br>**Міндеті:** бірлесіп жұмыс істеуге үйрету;<br>**Қимылды ойын:**<br>"Жалаушаға жүгір"<br>**Міндеті:** тәрбиешінің нұсқауы бойынша іс-әрекеттерді қатаң түрде орындауға үйрету. | **Кешен №22**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау.**<br>(Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті)<br>**Міндеті**: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>**Еңбек әрекеті:**Жолдарды мұз бен қардан тазарту.<br>**Міндеті:** күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту; табандылыққа, дербестікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**:«Қу түлкі».<br>**Міндеті:**балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. | **Кешен №22**<br>**«Қардағы құс іздері»бақылау.**<br>(Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті)<br>**Міндеті:** қардағы құс іздерін тани білуге үйрету.<br>**Еңбек әрекеті:**Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Міндеті:** бірлесіп жұмыс істеуге, ортақ күш-жігермен мақсатқа жетуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұстап ал»<br>**Міндеті:** Тез жүгіруге жаттықтыру. | **Кешен №22**<br>**Аспанды бақылау.**<br>(Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті)<br>**Міндеті:** әр түрлі табиғат құбылыстарымен танысуды жалғастыру;<br>ауа-райын аспан жағдайымен байланыстыра отырып ажырата білуге үйрету (анық, бұлтты).<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Күректермен қар күреу, ойын алаңын тазарту.<br>**Міндеті:** бірлесіп жұмыс істеуге, ортақ күш-жігермен мақсатқа жетуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ақ қоян»<br>**Міндеті:** Шапшаң, жылдам секіруге үйрету. |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Жасамас үшін ағаттық,<br>Тыңда ақылды, қабылдап.<br>Алдында ішер тамақтың,<br>Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |

| | |
|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармышылық әрекеті) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | № 22 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Қызыл – жасыл гүлі бар,<br>Жұмсақтығы мамықтай.<br>Сүртінесің жалықпай,<br>Тазалықтың досы<br>Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар). |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес іс-әрекеті | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Өрнектерді құрастыр »<br>3жас<br>**Міндеті:** Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауға үйрету.<br>Сөздік қоры: оюөрнектер.<br><br>4жас<br>**Міндеті:** Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеу.<br>Сөздік қоры: оюөрнектер. | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Моншақ тізейік»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: моншақ.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Сөздік қоры: моншақ. | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Оюөрнектерді ата»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Сөздік қоры: дөңгелек,ирек.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Сөздік қоры: дөңгелек,ирек. | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Ыдыстар»<br>3 жас<br>**Міндеті:**Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: ыдыстар, кесе.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:** Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әр түрл itәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әр түрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>Сөздік қоры: ыдыстар, кесе. | **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру**<br>Ойын:«Пойызды құрастыр»<br>3 жас<br>**Міндеті:** Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.<br>Сөздік қоры: пойыз.<br><br>4 жас<br>**Міндеті:**Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.<br>Сөздік қоры: пойыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | 3 жас<br>1.Абан Алтынай,<br>2.Жолдабек Жасмин,<br>3.Төлеген Ертуған,<br>4.Оразғали Батырхан,<br>5.Қожахмет Томирис<br>6. Тулеген Елдос<br>7.Нұғыман Мадияр<br>Д/о: «Ұқсас затты тап»<br>**Міндеті:** Қоршаған ортадан геометриялық пішіндерге (тіктөртбұрыш, сопақша, трапеция) ұқсас заттарды тауып, оларды тұрмыстағы заттармен (кірпіш, қияр, үйдің шатыры) сәйкестендіре білуге үйрету.<br>(математика негіздері – танымдық қызмет) | 3 жас<br>1.Дмитриева Афина,<br>2.Сағындық Нұрболат,<br>3.Амантай Жасмин,<br>4.Гараев Алан<br>5.Абзал Әлімұса<br>6.Базарбек Алихан<br>7.Аталық Еркежан<br>Д/о: «Қай қолымда көп»<br>**Міндеті:** Заттарды сипап сезу және көру тәсілдері арқылы салыстырып зерттеу іскерліктерін дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет) | 4 жас<br>1.Базарбекова Дария<br>2.Ғабиден Дінмухаммед<br>3. Тарғын Айдана<br>4.Хамитов Мансұр<br>Ойын: «Кім тез жинайды.»<br>**Міндеті:**Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>(сурет – шығармашылық қызмет) | 4 жас<br>1.Балябин Максим,<br>2.Қожахмет Мейірхан,<br>3.Жолдабек Нұрислам<br>4.Касымбекова Азалия<br>Ойын: «Қоянға көмектес.»<br>**Міндеті:** Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет) | 4 жас<br>1.Айсина Адия,<br>2.Жақсылық Әлихан,<br>3.Касен Алиша,<br>Д/ойын:«Артығын тап.»<br>**Міндеті:** Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет) |
| **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы** | Дид.ойын: «Қандай ойыншық жетіспейді»<br>**Міндеті:** Есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Базарбекова Дария,<br>Сағындық Нұрболат | Дид.ойын: «Ойыншықтарды қораптарға орналастырайық»<br>**Міндеті:** Түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, көк, жасыл, сары)<br>Сағындық Нұрболат<br>Базарбекова Дария | Дид.ойын: «Моншақтарды жина».<br>**Міндеті:** Заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша топтастыру қабілетін бекіту.<br>Сағындық Нұрболат<br>Базарбекова Дария | Дид.ойын «Пирамидалар».<br>**Міндеті:** Заттармен қарапайым әрекеттерді орындау қабілетін дамыту: сақиналарды белгілі бір ретпен алып тастау және тізбектеу.<br>Базарбекова Дария,<br>Сағындық Нұрболат | Дид.ойын: «Кім зейінді?»<br>**Міндеті:** Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.<br>Базарбекова Дария,<br>Сағындық Нұрболат |

| | |
|---|---|
| **Кешкі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.<br>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас<br>Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)<br>Жуын, жуын, жуынсақ,<br>Қандай жақсы, қуыршақ!<br>Әйтпегенде, бөпешім,<br>Кірлеп кеткен екенсің.<br>Қазір аппақ баласың,<br>Қуанады анашың.<br>Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет! | | | | |
| **№ 2 серуенге дайындық** | Серуен №22. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |
| **№ 2 серуен** | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан".<br>**Міндеті:** балаларды өрмелеуге, сигналға жауап беруге, өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындауға жаттықтыру.<br>Сөздік қоры: мысық байқа, асықпа, күт. | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын: "Көпіршік".<br>**Міндеті:** балалардың шеңберге тұру, оны біртіндеп кеңейту және тарылту қабілеттерін бекіту; қимылдарды үйлестіруге үйрету; зейінін дамыту.<br>Сөздік қоры: көпіршік, көмектес, итерме, таласпа. | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын: "Кішкентай ақ қоян отыр".<br>**Міндеті:** мәтінге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету.<br>Сөздік қоры: байқа, асықпа. | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын: "Допты қуып жет".<br>**Міндеті:** балалардың жүру және жүгіру кезінде қажетті бағытты сақтай білу қабілетін дамыту Сөздік қоры: көмектес, итерме | **Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)**<br>№1 серуенді бекіту<br>Қимылды ойын: "Аю орманда"<br>**Міндеті:** сигнал бойынша бір-біріне соқтығыспай әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету.<br>Сөздік қоры: жылы киінеміз,күт. |
| Балалардың үйлеріне қайтуы | Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.<br>Сөздік қоры: Сау болыңыз,Сау болыңыздар! | | | | |

**Тексерілді:** 27.01.25 жоспар тексерілді кеңес берілді
Капасова А.С